



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 35 (8298) Жұма 10 сәуір 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

Мәслихаттың кезектен тыс сессиясында

АУДАН БЮДЖЕТІНЕ өзгерістер енгізілді

«2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Байзақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №36-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе аудандық мәслихаттың бейсенбіде өткен кезектен тыс XXXVIII сессиясында қаралды.



Аталмыш мәселеге қатысты аудан әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Д.Жақыпбеков сессия жұмысына қатысушыларға аудандық бюджетке енгізілгелі отырған өзгерістер жайлы хабарлама жасап, туындаған мәселелер бойынша түсінік берді.

Алдын ала тұрақты комиссия отырысы барысында жан-жақты талқылауға түскендіктен күн тәртібіндегі мәселе бойынша депутаттар тарапынан сұрақтар туындатқан жоқ. Сондықтан да мәселе бойынша шешім жобасы тұтастай қабылданды.

Сессия жұмысына төрағалық еткен №2 Аманкелді сайлау округінен депутат Алмахан Аруанұлы мәслихат депутаттарын келесі сессия жұмысының күн тәртібіне ұсынылған мәселелермен таныстырды.

Бесінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXVIII сессиясының жұмысына мәслихат хатшысы Н.Үкібаев, аудан әкімінің орынбасарлары Ә.Қилыбаев, Д.Сұлтанбеков, аудан әкімдігінің бөлім, мекеме басшылары, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Өз тілшіміз.

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ТАҚЫРЫБЫ- ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ

Аптаның сәрсенбісі күні аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыру-шыларымен «2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын ұйымдастыру мен өткізу» тақырыбында семинар-тренинг болып өтті.

Семинар-тренинг жұмысын аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Абдан Төлепберенов жүргізді.

Аталмыш шараға аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелері, учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары, орынбасарлары мен



байланысты өзекті мәселелер жөнінде бірқатар түсініктемелер берді. Сайлау учаскелерінде дауыс беруді ұйымдастырудың және өткізудің рәсімдеріне, учаскелік сайлау комиссияларының іс-әрекеттеріне айрықша көңіл

«Біз әр азаматтың өз конституциялық сайлау құқығын іске асыру үшін және сайлау заңнамасының талаптары мен жалпыға танымал халықаралық қағидаттарға сәйкес әділ де транспарентті сайлау науқанын өткізу үшін барлық қажетті жағдай-ларды жасауымыз керек» – деп атап өтті Абдан Төлепберенов.

Ел президенттігінен үміткерлер, олардың сенімді өкілдері, халықаралық және республикалық байқаушылармен жұмыс, дауыс беру барысы мен дауыстарды санау мәселелеріне жеке-жеке тоқталып, нақты міндеттер белгіленді.

Ең бастысы – барлық жұмыс заң аясында болу керектігі қатаң ескерілді.

Өз тілшіміз.



хатшылары және жергілікті басылым қызметкерлері шақырылды.

Сөйлеген сөзінде Абдан Баяуұлы сайлау науқанын қаржылық, материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуге

бөлді. Сондай-ақ сайлау процесіне қатысушылардың бәрінің сайлау заңнамасы нормаларының бұлжытпай сақталуын қамтамасыз ету және өзара іс-қимыл жасау тиімділігін арттыру қажеттігіне ерекше тоқталып өтті.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ АЯСЫНДАҒЫ

ЖОЛДА ҚАБЫЛДАУ ШАРАСЫ ІС ЖҮЗІНДЕ

М.Шалғынбай,
«Ауыл жаңалығы».

Мемлекет басшысы өзінің жыл сайынғы Жолдауында және Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде алға қойған жалпы мемлекеттік алдын-алу жүйесін құру жөніндегі міндеттерге сәйкес және құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік құрылымдардың беделін көтеру, сондай-ақ жол полициясы қызметіне халықтың сенімін арттыру мақсатында, «Нұр Отан» партиясы бастамасымен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бірлесе отырып, бүгінгі күні «Жолда қабылдау» атты кезекті республикалық акциясын өткізуде.

Аптаның сейсенбісінде аталмыш акция аясында құрамында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Тлепов, Байзақ аудандық ішкі істер бөлімінің әкімшілік полиция бастығының орынбасары Думан Абдикей, мемлекеттік автоинспектор Марат Бестерекбаев және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар топ бірлесіп, көлік жүргізушілермен кездесті.

Іс-шара барысында жол-патрульдік полициясы қызметкерлері мен партия филиалының өкілдері Сарыкемер-Тараз бағытында көлік жүргізушілерін жол ережесіне қатысты мазалап жүрген сұрақтары бойынша қабылдап, заңдылық пен конституциялық құқықтарды



сақтау мәселелері бойынша азаматтарға түсінік жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ шара барысында

бурылдык Э.Сулейманов, К.Айтпаев, дихандық Е.Есильбаев, М.Жиенбаев, Ш.Бесбаев, қостөбелік

С.Чауш-Оглы, тағы да басқа көлік жүргізушілері арнайы таратылған сауалнамаларды толтырып, жол полициясының жұмысын бағалады. Сауалнамада жол сақшыларының азаматтармен қарым-қатынас кезінде өздерін қалай ұстайтындығы жөніндегі сұрақтар берілген болатын.

Акция ұйымдастырушыларының айтуынша, партия мен тұрғындар арасындағы байланысты нығайту және сенімділікті қалыптастыру, қоғам мен билік арасында әңгімелесу алаңын кеңейту, мемлекеттік құрылым қызметіне қоғамдық бақылауды арттыру, сондай-ақ, жол полициясы қызметіне тұрғындардың сенімін жоғарылату, азаматтардың азаматтық түсініктері мен жауапкершіліктерін көтеру мақсатындағы іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ

6 сәуір 2015 жыл

№7

Сарыкемер ауылы

Сазтерек ауылдық округі әкімінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына, «Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидасының» 5-бабының 45 тармағына сәйкес Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Сазтерек ауылдық округі әкімінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты Сазтерек ауылдық округі әкімінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 15 мамырына тағайындалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Ержанов Нуржан Киякбаевичке жүктелсін.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы А.Төленбергенов

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ МЕН ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына және «Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидасының» 7-бабының 62 тармағына сәйкес Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Байзақ ауданы әкімінің 2015 жылдың 4 наурыздағы №3-274 хатының негізінде Сазтерек ауылдық округінің әкімін сайлау күні 2015 жылдың мамыр айының 15-ші жұлдызы болып белгіленгенін хабарлайды.

Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мекен -жайы мен құрамы:
(Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі №114, Ж.Үшкемпіров атындағы спорт мектебі, тел.: 2-16-04).

Төленбергенов Абдан Баяуович- комиссия төрағасы;
Мурзабеков Кенесбек Умирбекович- комиссия төрағасының орынбасары;
Ержанов Нуржан Киякбаевич-комиссия хатшысы;
Абдикаримов Ерлан Түгелбаевич, Ойыкбаев Азимбек, Сағынбеков Болат Мырзаханович, Сапарбеков Оразгелды Малдбекович - комиссия мүшелері.

Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2015 жылғы 6 сәуірдегі №7 шешіміне қосымша

БАЙЗАҚ АУДАНЫ САЗТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жергілікті бұқаралық акпарат құралдары арқылы сайлау күні туралы хабарды жеткізу.

Аумақтық сайлау комиссиясы (п.11)

2. Бұқаралық акпарат құралдарына тиісті аумақтық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау тағайындалғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей. (пп.1),7)п.9)

3. Әкімдікке кандидаттарды балама негізде аумақтық сайлау комиссиясына тиісті әкімнің ұсынымы мен кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидаттар ретінде дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініштерді беруі арқылы ұсыну.

Аудан әкімі

Сайлау күнінен 30 күн бұрын - **15 сәуір 2015 жылы** басталады және сайлау күніне 25 күн қалғанда -**10 мамыр 2015 жылы** аяқталады. (пп.13,14,15)

4. Таңдаушылардың тізімдерін жасау және оларды дауыс беруге арналған пунктке ілу.

Аумақтық сайлау комиссиясы тиісті мәслихат

Хатшысының ұсынуы бойынша.

Дауыс беру күніне 7 күн қалғанда - 8 мамыр 2015 жыл (п.п.1,7)п.п.9,48)

5. Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 3-тармағында және Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесінде қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау, тиісті хаттама жасау.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Үш күннің ішінде (п.п.12,17,19)

6. Тұрғылықты жері бойынша салық органдарына 2015 жылғы 1 сәуірге табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыру.

Кандидат және оның зайыбы (жұбайы)

Кандидат тіркелгенге дейін.

7. Кандидаттарды тіркеу және тиісті куәлік тапсыру.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және дауыс беретін күнге 15 күн қалғанда - 30 сәуір 2015 жылы аяқталады. (п.п.20,24)

8. Жергілікті бұқаралық акпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлау.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Кандидаттар тіркелгеннен кейін 7-ші күннен кешіктірмей. (п.п.1)п.22)

9. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.

Салық қызметі органдары

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларацияны тапсырған күннен бастап 7 күннің ішінде. (п.19)

10. Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәлікті беру.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Сенім білдірілген адамдардың тізімдерін тіркеу үшін берген сәттен бастап (п.п.2) п.9,п.п.33,34)

БАЙЗАҚ АУДАНЫ САЗТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ЖАУАЗЫМЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ МАҚСАТЫНДА АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ҚАУЫМДАСТЫҒЫМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР КЕСТЕСІ

Р/с	Аудан, ауылдық округ атауы	Мерзімі			
		СӘРСЕНЫ 15.04.2015	БЕЙСЕНЫ 16.04.2015	ЖҰМА 17.04.2015	СЕНЫ 18.04.2015
1	Байзақ ауданы, Сазтерек ауылдық округі	Сазтерек а/о, Абай ауылы, ауылдық клуб сар. 10.00-де	Сазтерек а/о, Абай ауылы, ауылдық клуб сар. 10.00-де	Сазтерек а/о, Абай ауылы, ауылдық клуб сар. 10.00-де	Сазтерек а/о, Абай ауылы, ауылдық клуб сар. 10.00-де

Аудан әкімі аппаратының басшысы

Б.Ақбаев

2015 ЖЫЛҒЫ 26 СӘУІРГЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫНЫҢ ДАУЫС БЕРУ УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ ТУРАЛЫ БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

САЙЛАУ КҮНІ, 2015 ЖЫЛҒЫ 26 СӘУІРДЕ ЖЕРГІЛІКТІ УАҚЫТ БОЙЫНША 7.00-ДЕН 20.00 САҒАТҚА ДЕЙІН КЕСТЕДЕ КӨРСЕТІЛГЕН САЙЛАУ УАСКЕЛЕРІНДЕ ӨТЕДІ

20	Учаскелік сайлау комиссиясы	№113	Сарыкемер ауылы, Орынқұлов көшесі №1, аудандық электр жүйелерін тарату мекемесі
21	Учаскелік сайлау комиссиясы	№114	Түймекент ауылы, Д.Қонаев көшесі №78, мәдениет үйі
22	Учаскелік сайлау комиссиясы	№115	Ақжар ауылы, С.Сейфуллин көшесі №50, С.Сейфуллин атындағы орта мектебі
23	Учаскелік сайлау комиссиясы	№116	Мәдімар ауылы, Наржанов көшесі №3, ауылдық клуб
24	Учаскелік сайлау комиссиясы	№117	Кенес ауылы, Теміртаев көшесі №21, Кенес орта мектебі
25	Учаскелік сайлау комиссиясы	№118	Тегістік ауылы, Школьная көшесі №1, Чанаев атындағы орта мектебі
26	Учаскелік сайлау комиссиясы	№119	Сарыбарак ауылы, Қарсақбаев көшесі №29, Сарыбарак негізгі мектебі
27	Учаскелік сайлау комиссиясы	№120	Қостөбе ауылы, Әулиеата көшесі №56д, ауылдық клуб
28	Учаскелік сайлау комиссиясы	№121	Үлгілі ауылы, Жақыпбай көшесі №126/1, Үлгілі орта мектебі
29	Учаскелік сайлау комиссиясы	№122	Қызыл жұлдыз ауылы, Тортаев көшесі №53, Ақшабаев атындағы орта мектебі
30	Учаскелік сайлау комиссиясы	№123	Талас ауылы, Б.Туғанбаев көшесі №3, Н.Гоголь атындағы орта мектебі
31	Учаскелік сайлау комиссиясы	№124	Дихан – 2 ауылы, Жұзбай көшесі №21, Дихан орта мектебі
32	Учаскелік сайлау комиссиясы	№125	Байзақ ауылы, Байдешов көшесі №1, С.Абланов атындағы орта мектебі
33	Учаскелік сайлау комиссиясы	№126	Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі №76, әл-Фараби атындағы мәдениет үйі
34	Учаскелік сайлау комиссиясы	№127	Сарыкемер ауылы, Д.Қонаев көшесі №123, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектебі
35	Учаскелік сайлау комиссиясы	№128	Сарыкемер ауылы, Қосы батыр көшесі №47, Ғ.Мұратбаев атындағы мектеп-гимназия
36	Учаскелік сайлау комиссиясы	№129	Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі №223, Ю.Гагарин атындағы орта мектебі
37	Учаскелік сайлау комиссиясы	№130	Сарыкемер ауылы, Абдикаримов көшесі №48, Н.Кікбаев атындағы орта мектебі
38	Учаскелік сайлау комиссиясы	№131	Қосақ ауылы, Центральный көшесі №8 а, Қосақ негізгі мектебі
39	Учаскелік сайлау комиссиясы	№132	Базарбай ауылы, Мүдліев көшесі №22, Пушкин атындағы орта мектебі
40	Учаскелік сайлау комиссиясы	№133	Жақаш ауылы, Әйтімбетов көшесі №44, А.Суханбаев атындағы орта мектебі
41	Учаскелік сайлау комиссиясы	№134	Дихан - 1 ауылы, Әлі-Күзенбай көшесі №19, мәдениет үйі
42	Учаскелік сайлау комиссиясы	№135	Көктал ауылы, Мұқанов көшесі №14, мәдениет үйі
43	Учаскелік сайлау комиссиясы	№136	Көкбастау ауылы, Құрманбайұлы көшесі №57, Амангелді атындағы орта мектебі
44	Учаскелік сайлау комиссиясы	№137	Жанатұрмыс ауылы, Жаңбырбай көшесі №33, Жанатұрмыс орта мектебі
45	Учаскелік сайлау комиссиясы	№138	Ақшолақ стансасы, Папиев көшесі №11, Ақшолақ орта мектебі
46	Учаскелік сайлау комиссиясы	№139	Бұрыл ауылы, Ағыбай көшесі №17, Бұрыл орта мектебі
47	Учаскелік сайлау комиссиясы	№140	Құмжота ауылы, Талас көшесі №2/1, Алтынсарин атындағы орта мектебі
48	Учаскелік сайлау комиссиясы	№141	Абай ауылы, Жамбыл көшесі №4, ауылдық клуб
49	Учаскелік сайлау комиссиясы	№142	Мырзатай ауылы, Центральный көшесі №19, Мырзатай орта мектебі
50	Учаскелік сайлау комиссиясы	№143	Жетібай ауылы, Әденов көшесі №1, Жамбыл атындағы орта мектебі
51	Учаскелік сайлау комиссиясы	№144	Талас стансасы, Барысхан көшесі №54 а, фельдшерлік тірек
52	Учаскелік сайлау комиссиясы	№145	Қызыл жұлдыз ауылы, Тортаев көшесі №70 а, ауылдық клуб
53	Учаскелік сайлау комиссиясы	№146	Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі №123, Ж.Үшкемпіров атындағы спорт мектебі
54	Учаскелік сайлау комиссиясы	№147	Сарыкемер ауылы, Мәмбет батыр көшесі №27 а, Сарыкемер орта мектебі

ТОО «ROLA-7» стало первым Жамбылским предприятием, активно поддержавшим акцию «Важен голос каждого!»

26 апреля в Казахстане состоятся внеочередные президентские выборы. Именно от их проведения зависит будущее 17-ти миллионной страны – политическая стабильность, экономическое развитие, мир и спокойствие во всех городах и аулах. Данная избирательная кампания – очень важна, так как проходит в непростой период, на фоне разных глобальных вызовов и рисков. Задача Казахстана на данном этапе – не допустить негативного сценария воздействия внешних факторов, сохранить темпы развития и заложить основы будущего продвижения. Поэтому крайне важно, чтобы наши граждане, сознавая ответственность перед будущим, проявив

Что мы планируем сделать в рамках кампании?

Первое – наши бизнесмены маркируют производимую продукцию специальными эмблемами. Для этого разработаны наклейки с логотипом Национальной палаты «Атамекен» и слоганом акции **«Важен голос каждого!»**. Рассчитываем, что граждане, покупая в магазинах макароны или сметану любимых отечественных брендов, обязательно обратят внимание на призыв и не забудут 26 апреля прийти на свои избирательные участки.

Второе, в торговых центрах, кафе и ресторанах по всей стране появятся информационные календари с нашей эмблемой, которые ежедневно будут напоминать посетителям о выборах Президента РК и оставшемся количестве дней до голосования.

Кроме того, напоминать казахстанцам о выборах будут специальные билборды НПП, которые мы установим на улицах городов, ролики **«Важен голос каждого!»** на областных и республиканских телеканалах и объявления по радио.

«Хочу особо подчеркнуть, Национальная палата предпринимателей не представляет никакую политическую силу, мы не агитируем голосовать за того или иного кандидата, мы призываем жителей страны прийти 26-го апреля на избирательные участки и проголосовать», - говорит директор Палаты предпринимателей Жамбылской области Асан Кошмамбетов.

ТОО «ROLA-7» работает с 2008 года и производит 28 видов макаронных изделий, 7 – лапши

своего гражданскую позицию, выполнили свой конституционный долг - пришли и проголосовали.

Национальная палата предпринимателей «Атамекен» объявляет о старте масштабной информационной кампании под слоганом **«Важен голос каждого!»**. Главная цель нашей акции – активизация бизнес-

сообщества и просвещение граждан для максимального привлечения к участию в выборах Президента Республики Казахстан.

быстрого приготовления, а также муку первого и высшего сорта. Продукция реализуется в Жамбылской, Южно-Казахстанской, Алматинской, Карагандинской, Акмолинской и Мангыстауской областях.

«Это наш гражданский долг поддержать акцию, - сказал директор ТОО «ROLA-7» Турсунбек Нурбаев. – Благодарен Палате предпринимателей за то, что данную акцию начали именно с нашего предприятия».

Наш корр.



БАЙЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША ТҮРҒЫНДАРДЫҢ СПОРТ НЫСАНДАРЫНА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕСТЕСІ

Спорт нысанының атауы	Спорт нысанында тұрғындардың шұғылдануына мүмкіндік жасайтын спорт түрі	Спорт нысанының мекен-жайы (байланыс телефоны)	Спорт нысанының меншіктігі (мемлекеттік немесе жеке) мен қызмет көрсету түрі (етіп, жазылы)	Күні	Спорт нысанының жұмыс істеу кестесі	Спорт нысанының жұмысына жауапты қызметкер (аты-жөні, байланыс телефоны)
1	Орталық стадион	Футбол Волейбол Баскетбол	Сарыкемер ауылы, Сталионная №2	тегін/мемлекеттік	Сейсенбі-сенбі 17:00 – 20:00 18:00 – 21:00 18:00 – 21:00	Жамбыл Нұржаубаев 87775075374 872637 21051
2	Бокс залы	Бокс	Қызыл жұлдыз ауылы, Тортаев №70	тегін/мемлекеттік	Дүйсенбі-бейсенбі 9:00 - 12:00 15:00 – 18:00	Қанат Әбдіхалымов 87773191697
3	Кіші футбол алаңы	Футбол	Сарыкемер ауылы, Қосы батыр №47	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 12:00 – 15:00 17:00 – 20:00	Ораз Назарбек 87712437432
4	Күрес залы	Күрес	Қызыл жұлдыз ауылы, Тортаев №53	тегін/мемлекеттік	Сәрсенбі-жексенбі 15:00 – 18:00 9:00 – 12:00	Бекжігіт Сәдуақас 87775108405
5	Күрес залы	Күрес	Дихан ауылы, 9 Май көшесі №46	тегін/мемлекеттік	Бейсенбі-жексенбі 15:00 – 20:00 9:00 – 18:00	Ғалым Мырзалыев 87713329815
6	Ж.Үшкөмпіров атындағы спорт сарайының ойын, күрес залдары	Үстел теннисі Күрес	Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр №123	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 20:00 – 22:00 19:30 – 21:30	Асқан Айтбеков 87771172851
7	Бокс, каратэ-до, залдары	Бокс Каратэ-до	Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр №114	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00 19:00 – 21:00	Асқар Шауқаров 87775076805 87263722115
8	Бокс залы	Бокс	Көктал ауылы, Мұқанов №14	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Алтын Абдуллин 87771646878
9	Абай ауылындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Қол күресі	Абай ауылы, Центральная №12	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Лияс Жансақалов 87774945656
10	С.Абланов атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Баскетбол Футбол	Байзақ ауылы, Байденов №1	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Берік Орабеков 87057334511
11	Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Баскетбол Кіші футбол	Сарыкемер ауылы, Д.Қонаев №137	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Жұмағали Малимаров 87051172993
12	Г.Мұратбаев атындағы мектеп-гимназиясының спорт залы	Волейбол Баскетбол Кіші футбол	Сарыкемер ауылы, Қосы батыра №47	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 13:30 – 21:30	Ораз Назарбек 87712437432
13	Ленин атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Баскетбол Футбол	Дихан ауылы, Ө.Күзенбай №4	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Сихымбай Түрбеков 87013320539
14	Үлгілі ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Үлгілі ауылы, Жақынбай №122	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Құралбек Серікбаев 87263750942
15	Ю.Гагарин атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр №217	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:30 – 21:30	Бақытжан Жолымбетов 87263732681
16	Жамбыл атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Жетібай ауылы, Аденев №7	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Жексен Тіленшиев 87263753580
17	Дихан ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Дихан ауылы, 9 Май №46	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Еркебұлан Құрымбетов 87263751835
18	Суханбаев атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Жақын ауылы, Мамыраулы №44	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Ақынбек Жанғазев 87771036396
19	Қарасу ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Қарасу ауылы, Қосы батыр №66	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Нұрмалла Жүмекеев 87713972218
20	Алтынсарин атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Құмжота ауылы, Восточная б/н	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Әділ Қазбеков 87263724642
21	Көктал ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Көктал ауылы, Ш.Уалиханов №15	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Алтын Абдуллин 87263750792
22	Сейфуллин атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Ақжар ауылы, Сейфуллин №65	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Махан Қайдаров 87771648563
23	Ақшабаев атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Қызыл жұлдыз ауылы, Тортаева №53	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:30 – 21:30	Айдын Жабышев 87263732059
24	Н.Кішібаев атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Сарыкемер ауылы, Абдыкаримов №12	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:30 – 21:30	Шоқан Мекебаев 87056146473
25	Амангелді атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Көкбасты ауылы, Құрманбаев №57	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Қайрат Құлашметов 87263737443
26	Берікқара атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Аймантөбе ауылы, Махамбетали №32	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Мамырбаев Нұрболат 5 16 40
27	Бұрыл ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Бұрыл ауылы, 9 Май №1	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Медет Асқитов 87263736034
28	Түймекент ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Түймекент ауылы, Қонаев №16	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Серік Моллабеков 8705735191
29	Н.Гоголь атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Талас ауылы, Түганбаев №3	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Махамбет Қалмұратов 87263732652
30	Жанатұрмыс ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Жанатұрмыс ауылы, Жанайраб №33	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Медет Сартов 87263737443
31	Кенес ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Кенес ауылы, Сатпаев №17	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Тайуаз Қосай 87263750607
32	Мырзатай ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Мырзатай ауылы, Центральная №5	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Ерлан Қазыбаев 87263752050
33	Ш.Уалиханов атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Ынтымақ ауылы, Наржанов №12	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00 15:00 – 18:00	Асқар Қорғанбаев 87263751447
34	Чапаев атындағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Тегістік ауылы, Школьная №11	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 18:00 – 21:00	Нұрлан Уалиев 87263751793
35	Сарыкемер ауылдағы орта мектебінің спорт залы	Волейбол Кіші футбол	Сарыкемер ауылы, Мамырайымов №4	тегін/мемлекеттік	Күнделікті 19:00 – 21:00	Асылбек Молдатаев 87057337351

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай “Дауылпаз жыры даланың” атты дастандармен қиссаларды жатқа айтудан облыстық байқаудың ЕРЕЖЕСІ

Байқаудың мақсаты: Жамбыл облысы әкімдігі ішкі саясат басқармасы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай “Дауылпаз жыры даланың” атты дастандар мен қиссаларды жатқа айтудан облыстық байқауын өткізеді.

Байқаудың негізгі мақсаты дастандар мен қиссаларды жатқа айту арқылы халықтың жүрегіне бірлік пен татулықты сіңіру, ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы күрестің, елі үшін еңіреген хандардың, батырлардың, билердің, ақындардың жанкиярлық қайраткерлігін паш ету.

Халқымыздың ұмытыла бастаған ерлік, елдік дәстүрлерді кенінен насихаттайтын дастандары мен қиссаларын жаңғыртып, оларды бүгінгі ұрпақтың игілігіне асыру. Сол арқылы жастарды еліміздің тарихына, салт- дәстүріне, мәдениетіне деген мақтаныш сезімдерін ояту. Қазақ халқының бойындағы ғасырлар қалыптастырған жақсы қасиеттерін көрсету.

Жас ұрпақтың ертеңгі күнге нық сеніммен қарауына ықпал етіп, азаматтардың, әсіресе жастар мен жасөспірімдерді патриоттық рухта тәрбиелеу.

Байқауды өткізу тәртібі:

- Байқауға қатысушылар туралы ақпарат (А.Ж.Т., орындайтын қисса-дастанның тақырыбы, байланыс телефоны) Тараз қаласы, «Достық» алаңы №1, 303- кабинет мекен-жайы бойынша 2015 жылдың 15 мамырына дейін қабылданады.
- Байқау 2015 жылдың маусым айында Тараз қаласында өтеді;
- Орындау кезегі әділқазылар шешімімен белгіленеді;
- Әрбір қатысушыға 15 минутке дейін уақыт беріледі.

Қатысушыларға қойылатын талаптар мен шарттар

- Қатысушы талапкерлерге жас ерекшелігіне шектеу қойылмайды;
- Қатысушының есте сақтау қабілетінің жоғарылығы;
- Қисса – дастандарды мәнермен жатқа айту шеберлігі;
- Музыкалық аспапты қолданатын болса ойнау шеберлігі;
- Сахна мәдениеті мен киім үлгісінің жарасымдылығы;

Жеңімпаздарға берілетін жүлделер:

- Бас жүлде – біреу
- I орын – біреу
- II орын – біреу
- III орын – екеу

Ынталандыру сыйлығы – үшеу

Қатысушы анықтамаларды және мәліметтерді Жамбыл облысы әкімдігі ішкі саясат басқармасының (Тараз қаласы, «Достық» алаңы №1, 303- кабинет) 43-71-69, 45-99-90 телефондары арқылы білуіне болады.

Салық төлеушіні (САЛЫҚ АГЕНТІН) БАНКРОТ ДЕП ТАҢУ

А.Сыздықов, Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.

Салық төлеушіні (салық агентін) банкрот деп таңу ҚР Салық Кодексінің 620-бабында көзделген. Бұл ретте салық төлеушінің салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылғаннан кейін салық берешегі сомасын салық төлеуші (салық агенті) өтемеген жағдайда, салық органы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оны банкрот деп таңу жөнінде шаралар қолдануға құқылы. Банкрот деп танылған салық төлеушіні (салық агентін) тарату тәртібі Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. ҚР 07.03.2014 жылғы №176-V «Оналту және банкроттық туралы» Заңы кредиторлар талаптарын борышкер толық көлемде қанағаттандыруға дәрменсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, жеделдетілген оналту рәсімін, оналту рәсімін қолдану және борышкерді банкрот деп таңу негіздерін белгілейді, сондай-ақ оналту және банкроттық рәсімдерін жүргізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды. Осы Заң қазыналық кәсіпорындар мен мекемелерден, жинақтаушы зейнетақы қорларынан, банктерден, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан басқа, заңды тұлғаларды жеделдетілген оналту рәсімі және оналту, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың банкроттығы туралы істерге қолданылады.

Банкроттық борышкердің сотқа берген өтініші негізінде ерікті түрде белгіленеді. Банкроттық кредиторлардың немесе уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың сотқа берген өтініші негізінде мәжбүрлі түрде белгіленеді. Заңда белгілінген жағдайларды борышкер өзін банкрот деп таңу туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақ үшін хақім Абай шын мәнінде дара шын, Ұлылығы барша елмен таба білген жарасым. Олең сөзге құмарлығым жазырады жыры бұл, Абай атам айтқандай-ақ “менің де бар таласым”.

Ойшыл жанның даңқы алыс, кете бермек талайға, Жырын жаттап, сөзін қаттап жүру ләзім қалайда. Адамшылық, жақсылыққа, ізгілікке үнөген, Барша қазақ қарыздармыз асыл адам - Абайға.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

102 жасты еңсерген КЕЙУАНА

Ауданымызда жүзді еңсерген ақ жаулықты аналар аз емес. Солардың бірі-Шахан ауылының тұрғыны Әлпияш Қадырова. Көпті көрген ана Ұлыстың ұлы күні 102 жасқа толды. 1913 жылы Ақтөбе облысына қарасты Байғанин ауданында өмірге келген ол, сол дәуірдің қиындықтарын бастан өткеріпті. Ашаршылық кезінде ата-анасымен Түркменстанның Мары облысына қоныс аударған бойжеткен Баймұрат Мелешов деген азаматқа тұрмысқа шығып, 1 қыз, 3 ұлды өмірге әкеледі. 1962 жылы ауданымыздағы Чапаев атындағы жеміс-жүзім кеншарына көшіп келіп, осындағы шаруашылықты өркендетуге өзіндік үлес қосқан кейуана биыл 102-ші көктемін қарсы алды. Азиз ананы осы округтің әкімі А.Әміров мерейлі жасымен құттықтап, сый-сиялатын табыстады.

Өмірдің ашы-тушысын көрген, үлкен жүректі ана өзін құрметтеген білік басындағы азаматтарға алғысын айтып, ақ батасын берді.

Ауыл имамымен жүздесті

Таяуда Аймантөбе ауылдық клубының меңгерушісі Қ.Байнұкова мен Берікқара орта мектебінің директоры Н.Мамырбаевтардың ұйытқы болуымен “Ислам-тұнып тұрған тазалық” атты тақырыпта ауыл имамымен кездесу өтті.

Кездесуді Берікқара орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Қасымов ашты. Ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Ж.Үсенов, Дихан ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы К.Бейсенбеков және аталмыш мектептің тарих және дінтану пәнінің мұғалімі О.Халимовтар ислам діні, оның мақсаты туралы ойларымен бөлісті.

Клуб меңгерушісі Қ.Байнұкова “Ислам-тұнып тұрған байлық” атты тақырыпта баяндама жасады. Дихан мешітінің имамы Әбдікұл қажы дінінің қоғамда алатын орнына, ислам дінінің құндылықтарына, діндегі бес парыз, жастардың діни сауаттылығын көтеру, өсіп келе жатқан өреңдерді теріс ағымнан сақтандыру жайын сөз етті. Сонымен қатар ауыл имамы жүздесу барысында туындаған сауалдарға жан-жақты жауап беріп отырды.

Жүздесу соңында кездесу қатысушыларына өзге ағым ықпалында кеткен қандастарымыздың тағдыры туралы бейнефильм көрсетілді.

Ашық есік күні өтті

Өткен аптада “Өрт қауіпсіздігінің күніне” орай аудандық өрт сөндіру бөлімінің ғимаратында ашық есік күні өтті. Ашық есік күніне қатысқан Ю.Гагарин мектебінің 7-9 сынып оқушылары мен тәлімгерлері өрт сөндіру бөлімінің тыныс-тіршілігімен танысты. Байзақ ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі бастығының уақытша міндетін атқарушы, өртке қарсы қызмет майоры Д.Қабышев және №8 ӨСБ-нің бастығы, өртке қарсы қызмет полковнигі Ж.Нығметов өрт сөндіру автокөліктер мен өрт сөндіру құралдарын қолданудың ережелерін түсіндіре отырып, өрт қауіпсіздігі ережесін сақтаудың маңызын сөз етті.

Ашық есік күнінде оқушылар өздерінің көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, нақты жауаптар алды. Ең бастысы осы салада қызмет еткісі келетін талапкерлерге Көкшетау техникалық институтына құжат тапсыру ережелері түсіндірілді, өртті сөндіру кезіндегі қағидаттар туралы толық ақпарат берілді.

«Татулықтың тұтқасы, бірліктің бесігі»

Осындай ұранмен Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөліміне қарасты «Өнер мектебінің» шығармашылық ұжымы Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай концерттік бағдарламаларымен Тараз қаласындағы карттар үйі мен Сарыкемер орта мектебінде қонақта болды.

Мәдени іс-шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген «Өнер мектебінің» директоры Ж.Тұрғынбаев ырыс-ынтымағы тасыған тәуелсіз қазақ елінің кәзіргі жағдайы, тату –тәтті тірлік кешкен ұлттар достастығының маңызы жөнінде әңгіме етіп, үлкен-кішіні алда аталып өтілетін Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы және қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толу мерейтойларымен құттықтады.

Мұнан соң «Өнер мектебінің» тәрбиеленушілері дайындаған әннен-биден шашулар ұсынылды. «Айару» бишілер тобы әр ұлттың биін билесе, Гүлзада Жұмашева, Мейірқұл Тоқбай, Жуас Әбілхайыр, Әсем Сырымбетовалар «Ана», «Жаңа арқам», «Бұлқынды жүрек», «Балапан қаз», «Қазақтың елі», «Келші, келші балашым» әндерін әуелете шырқап, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ал, кішкентай өнерпаздардан тұратын қобызшылар ансамблі, «Біз өмірдің гүліміз», «Аллегретто» туындыларын, домбырашылар ансамблі «Коробейники», «Ерке сылқым», «Сал күрес» халық күйлерін орындап, отырғандарды бір серпінгіп тастады. Ақбанбаев Асылжанның орындауындағы «Түрікмен» күйі, Ажар Өмірбекқызы қобызда ойнаған “Шолпан” шығармасы да өте әсерлі шықты.

Халықтар достығын паш еткен іс-шара барысында «Өнер мектебінің» суретшілері өз туындыларын көрмеге қойып, көпшілікке олардың мән-мазмұнын түсіндірді. Өз кезегінде карттар үйіндегі аға буын өкілдері мен Сарыкемер орта мектебінің ұстаздары және оқушылары концерттік бағдарламаларымен келіп, өнерге сусындатқан өнер ұжымына алғыстарын айтып жатты.

Мерейлі мерекеге арналды

Аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 және Қазақ хандығының 550 жылдығына орай апталық өтті. Апталық барысында “Көркем оқу” үйірмесінің жетекшісі Ш.Мукамбетова “Қазақ хандығының құрылуы”, Қарасу орта мектебінің балалар мен жасөспірімдер орталығына қарасты “Көркем оқу” үйірмесінің жетекшісі Ж.Боранқұлова “Менің елім-мәңгілік ел” атты тақырыптарда ашық сабақ өткізді. “Қолөнер” үйірмесінің жетекшісі Ж.Тынаева “Бір ел-бір тағдыр” көрмесін ұйымдастырса, Үлгілі орта мектебінен ашылған С.Спанилиева жетекшілік ететін “Алтын оймақ” үйірмесі ата-аналарға, мектеп оқушыларына арнап кен көлемде көрме өткізді.

Апталық соңында шараға белсенді қатысқан оқушылар марапаттарға ие болды.

Жас келсе-іске

«Қазақстанның болашағы-жастар сіздердің қолдарыңызда. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім арттым. Болашаққа деген үкілі үміттің тірегісіңдер. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін» деген болатын Елбасымыз жастармен кездесуінде. Мемлекет басшысының осы сөзі жастарға ұлы істер атқаруға рух беріп келе жатқаны шындық.

Таяуда Жанатұрмыс ауылдық округіндегі “Жастар орталығының” нұсқаушысы А. Джанысбаевтың ұйытқы болуымен округке қарасты Жібек жолы, Амангелді, Жанатұрмыс және Ақшопақ ауылдарында тұратын жастар арасында қазақша күрес, волейбол, арқан тарту мен 100 метрге жүгіруден жарыс өткізілді.

Қазақша күрестен Б.Исмаилов қарсыластарын шаң қаптырып, бірінші орынды жеңіп алса, 100 метрге жүгіруден Королевка орта мектебі бас жүлдені қанжығасына байлады. Волейбол мен арқан тартудан Амангелді атындағы орта мектептің ұжымы ешкімге дес бермей, бірінші орынды иемденді.

Ауыл жастарының бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру бағытында “Жастар орталығының” нұсқаушысы А. Джанысбаевтың атқарған тірліктері аз емес. Жаны жомарт азамат осы округтегі білім ошақтарында дәріс алып жатқан, көп балалы отбасынан шыққан бірнеше мектеп оқушыларына өз атынан демеушілік көрсетті. Игілікті істердің көш басында жүретін ілімді жас Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай соғыс ардагерлерінің жесірлері мен тыл еңбеккерлеріне қамқорлық танытпақшы.

Өз тілшіміз.

Оқушы шығармашылығынан

Абай атаға

Н.Бегділова, Дихан тірек мектебінің (ресурстық орталық) 7-сынып оқушысы.



Шын ұлылар бұл заманда көп тумасын білемін, Қазақ болсаң, Абай сөзін оқығың деп жүремін. Абай ата салып кеткен жолға керек адалдық, Қара өлеңге менің дағы ынтық аса жүрегім.

